

Бекітемін: *А. Аманжол*

Бекітемін:  
Оқу ісінің орынбасары:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаттық бар № 7 ЖББОМ» КММ  
Мектепалды «Б» сыныбы  
Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 жыл 16-20 қыркүйек

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>Балаларды қабылдау Ойын арқылы оқыту, өмірлік мағызды қалыптастыру, бақылау.</p> <p><b>Біртұтас тәрбие:</b> <b>Ұлттық мүдде құндылығы:</b> тоуелсіздік және отаншылдық <b>«Менің Отаным – Қазақстан»</b> Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; оқу аптасының басында бірінші ұйымдастырылған іс-әрекетте білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (апта сайын, дүйсенбіде) Гимн орындау.</p>	<p>Отанды жас кәрімізде, Туған жер деп сүйеміз. Өйткені онда бәрімізде, Туып өмір сүреміз. Әрбір қазақ баласы, Өзім сонда тұрар дер. Бұл қазақтыңдаласы, Ата-бабам туған жер. Отан- ол біздің еліміз,жеріміз,туымыз,табиға тымыз,айналадағы қоршаған ортамыз.</p> <p><b>БТҚБ: Ұлттық мүдде:</b> Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;</p>	<p>Біз әдепті баламыз, Біз ерекше боламыз, Қонақтарды көргенде, Сәлеметсіздерме! – деп Сәлемдесіп аламыз. Амансыңба, асыл күн! Амансыңба , асыл жер! Амансыңба, көк аспан! Амансыңба жан досым! Жылуыма жылу қос , міне менің қолым</p> <p><b>БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:</b> <b>Достарына,құрастарына</b> <b>қамқор болу, адал болу.</b></p>	<p>Қол ұстасып қане біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Табиғатым тамаша, Көз тоймады қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сәлем саған Жер ана! Сәлем саған Нұрлы күн!</p> <p><b>БТҚБ: Талап құндылығы:</b> қоршаған ортаның тазалығын сақтау, табиғатты аялау, жананы тану.</p>	<p>«Шанырақ» Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, ермін! <b>БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:</b> Өз отбасына деген құрмет,сүйіспеншілікті арттыру. <b>«Қауіпсіздік сабағы»</b> (апта сайын) «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?» Балаға есікті біреу қаққанда “Бұл кім?” деп сұрауды үйретіңіз. Егер оған ешкім жауап бермесе, есіктің “көзінен” ешкім көрінбесе, есікті ашуға болмайды. Егер “сантехник, электрикпін” десе де, есікті ашпасын.</p>	<p>Амандасу үлкенге Тәрбиенің басығой Ал қанекей бәріміз «Сәлем» дейік үлкенге. Біз балдырған тең басқан Дос құшағын кең ашқан Тілегіміз тыныштық Ашық болсын кең аспан Мықты болсын іргеміз Бәрімізде біргеміз! <b>БТҚБ:Ар-ұят құндылығы:</b> <b>Үлкенге құрмет,кішіге ізет</b> <b>көрсету.</b></p>
<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p> <p><b>«Өнегелі 15 минут»</b> – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. (күн сайын)</p>	<p>Бала тамағының түрлілігі мен нәрлілігін, тазалықты басты назарда ұстай отырып, қимыл-қозғалысты ұлттық ойындарды үйретуді басты назарда ұстаның.</p>	<p>Бала қиялын, ақыл-ойын жетілдіретін қазақ ертегілері мен жұмбақ, жаңылтпаштар үйретуді басты назарда ұстау. Сол арқылы бала бойына ұлтының қадір-қасиетін, әдет-ғұрпын біліп өсуінің бастауын қалыптастыру.</p>	<p>Балалардың болашағы отбасыдағы өзара қарым-қатынасқа, ата-аналарының тіршілігі мен еңбек етуіне тікелей байланысты болады, себебі бала өзінің өн бойына отбасында естіп-көрген жақсы мен жаманның бәрін сіңіріп отырады, ата-аналардың жағымды, жағымсыз қылықтарына сілкітейді.</p>	<p>Баланың физикалық денсаулығымен қоса, дұрыс тамақтануы және санитарно – гигиеналық дағдыларды ұстануы, отбасындағы психологиялық қарым – қатынас та өте маңызды.</p>	<p>«Тұмаудан сақтанңыз»: «Кез келген жағдайға» деп дәрі беру бұл зиянды алдын-ала қорғау болып табылады. Бала үшін дәрігерді шақыртудан ұялмаңыз. Мұндай алдын-алу зиян келтірмейді.</p>

<p>«Ұлттық ойын – ұлт казынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. ұлттық ойындар (күн сайын)</p>	<p>«Соқыр теке» қимылды ойыны  <b>Ережесі:</b>  Ойыншылар дөңгеленіп тұрады. Бір баланың көзін байлап, ортаға шығарады. Айнала тұрған балалар «Соқыр текесі» тиіп, қашып жүреді. Оның қолына түскен бала ойында ары қарай жалғастырады.  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>	<p>«Қарғымақ» қимылды ойыны  <b>Ережесі:</b>  Балалар екі жақтан екі арқанды ұстап тұрады. Ортасынан балалар біреулеп қарғып секіреді.  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>	<p>«Қыз қуу» қимылды ойыны.  <b>Ережесі:</b>  Ұл бала мен қыз бала атқа мініп, ереже бойынша бірін – бірі қуады.  Қызға жеткен ұл оның бетінен сүюі шарт. Ал, жете алмаса, келесі айналымда қыз ұлды қамшымен ұрады.  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.  Қызды сыйлауға, икемділікке, ептілікке үйрету.</p>	<p>«Білектесу» қимылды ойыны.  <b>Ережесі:</b>  Ойыншылар бір-бірімен білектесіп жарысады. Екі бала бір-біріне қарама-қарсы отырып, шынтағын үстелге тегіс тигізе, қол күштерін сынасады.  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды жылдамдыққа, ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Асық ату - алыш» қимылды ойыны  <b>Ережесі:</b>  Үш бала шығып сақаларын лақтырады. Бірінші кезекте – алыш түссе, екінші кезекте – тәйке түссе, үшінші кезекте – бүк түссе, төртінші кезекте – шік түссе осылайша ойын жалғаса береді.  <b>Мақсаты:</b>  Балаларға асық ойындары жайында білім беру. Асық ату, ойлау дағдыларын қалыптастыру, Ептілікке баулу.</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Қол-қол-қол (қолдарын жанжаққа жібереді). Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды). Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді), Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).  <b>(қол жаттығулары)</b></p>	<p>«Көңілдімін»  Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн,  Көліктің дуылдаймын дырн-дырн.  Жүремің, айналамын бырн-бырн,  Әрқашан көңілдімін сырн-сырн  <b>(тіл жаттығуы)</b></p>	<p>«Кім көп сөз біледі?» ойыны  <b>Ережесі:</b>  Балалар дөңгелене отырып көрсеткен суреттер жайында жылдам, тез әңгіме құрайды.  «Жел» суреті болса желдің пайдасы мен зиянын айтады.  <b>Мақсаты:</b>  Балалардың ой-өрісін дамыту.</p>	<p>«Жолаушылар»  <b>Мақсаты:</b> Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру</p>	<p>«Өрмекші мен шыбын» қимылды ойыны  <b>Ережесі:</b>  Әуен ойнағанда шыбындар адуындап ұша бастайды. Әуен тоқтағанда олар қонады. Ол қозғалғанда өрмекші олады аңдып, ұстауға шығады. Әуеннің орынна бұбен қолдануға болады.  <b>Мақсаты:</b>  Елестету арқылы баланың өз бетінше бейнелей алуға үйрету.</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> <p>«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау  <b>(Күн сайын)</b></p>	<p>Ел мен жер егіз.  Ел іші алтын бесік  Өнер көзі халықта.  Еңбек бәрінде жеңбек.  Еңбектің наны тәтті,  Жалқаудың жаны тәтті.  <b>(Тілге бойлау, мақалдар үйрету)</b>  <b>БТҚБ:</b> ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту.</p>	<p>«<b>КӨЛІК ТАС ЖОЛЫ (ЖОЛ САЛ)</b>»  <b>Мақсаты.</b> Заттардың ерекшеліктерін анықтау қабілетін дамыту, тәжірибелік тапсырмаларды шешуде белгілі ережелерге бағынуға үйрету.  <b>Шарты:</b> Балалардың алдына 1 кестесі қойылады, ал еденге блоктар қойылады. Ойынның тапсырмасы: қалада (пішіндер) автокөліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салу.</p>	<p>«<b>ДОМИНО</b>»  <b>Мақсаты.</b> Берілген ерекшеліктер бойынша заттарды салыстыра бітуге үйрету, түсін, пішінін, көлемін анықтау.  Ойынға төрт адам қатысады. Фигуралар ойыншылар арасына тең бөлінеді. Ойыншылар ойынның ережесі туралы келіседі: қойылған фигураларға басқа түсті фигураларды ғана қоюға келіседі. ойыншылардың бірі (оны санамақ бойынша анықтауға болады) бірінші қаламды бастайды, ол кез-келген фигураны столға қояды.</p>	<p><b>Жаттығу ойыны: «Дұрыс сөзін тап!»</b>  <b>Ережесі:</b> «Дөңгелек, тәтті, қызғылт-бұл не?» Заттар бір-бірінен дәмі, мөлшері, түсі және пішіні арқылы ерекшеленуі мүмкін. Сөздердің айтылуын өзгертуге болады.  қант тәтті, ал лимон... (қышқыл)» - Қай жануар қалай қимыл зәйтаны туралы еске түсір. Қарға (ұшады) балық (жүзеді), шегіртке (секіреді), жолбарыс (ырсылдайды), тышқан (пысылдайды) ал сныр(мөңірейді)</p>	<p><b>Ойын: «Сөзбе сөз».</b>  Ойын ережесі: Тәрбиеші тақырыпты анықтайды; мысалы: «К» әрпі бар жануарлар. Бірінші бала бастайды: крокодил. Келесі бала сол сөзді қайталайды және өзі де басқа сөз қосады; мысалы: крокодил, кесіртке. Осылайша бір бала кәте айтпағанша ойыш береді. Ойын тақырыптары болуы мүмкін: есімдік, тұрмыстық заттар, жәһаздар, ыдыс-аяқтар, тамақ аттары және т/б сөздер.</p>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>Математика негіздері</b>          Әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыру  <b>Ойын жаттығуы.</b> «Ретке келтіреміз!». Топтық жұмыстар үшін қолда бар материалды ұсынуға болады (әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтар). Тәрбиеші әртүрлі өлшемдегі түрлі-түсті жапырақтар немесе қақпақтарды орналастыруды сұрайды, содан соң мысалы, пішіндеріне, өлшемдеріне қарай жапырақтарды орналастыруды сұрауға болады.          Дөңгелек үлкен сары печеньең суретін сал.          Төртбұрышты кішкентай қоңыр печеньең суретін сал.          Дөңгелек үлкен сары печеньең суретін салу керек. Тәрбиеші тақтаға үлкен сары дөңгелек қоя алады. Содан кейін төртбұрышты қоңыр кішкентай печеньең суретін салу керек. Педагог тақтаға кішкене қоңыр шаршы қоя алады. Әрі қарай балалар тапсырманы орындайды.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</b> бір қатарға бір-бірден тұра алады, бір орында бұрылу.  <b>Еркін ойындар.</b>  <b>Ұшқыштар</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту.  <b>шарты:</b> Балалар 3-4 топқа бөлінді. Олар бірінші соңынан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>          Жазу парағында кеңістікті бағдарлау          Денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. мен ұстайды (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы ныққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауала жаздырады.  <b>Саусақ жаттығуы.</b>          Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын білу. Табиғатпен таныстыру.  <b>«Сикырлы сандыю» ойыны.</b> Шартты: сандық ішінен ойшықтарды бір-бірден шығарып, оларды сиппатайды, олармен қалай ойнайтындарын әңгімелейді. «Ғажайып қапшыю» дидактикалық ойыны.          - Мына ғажайып қапшықты ойыншықтар бар. Қазір ойыншықтарды бір-бірден алып, неден жасалғанын анықтау керек. Сондықтан ойыншықтарды алып,</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Сопакшамен таныстыру</b>  <b>«Зат неге ұқсайды?»</b>          дидактикалық ойыны          Тәрбиеші сопақшаның бөлме ішіне жасырынып қалғанын айтады. Балалар бөлме ішінде сопақша пішіндегі заттарды атайды. Балалар, балапаңдарымыз қайдан шығады? (Жұмыртқадан).          Дұрыс, жарайсындар. Ал енді бес балапан жұмыртқадан шықты. Олар секіре бастады, жүгіре бастады, ал ұяда жатқан қалған жұмыртқалар шөпке домалап кетті. Не істеу? Балапаңдарға жұмыртқаларын ұяға салуға көмектесейік.  <b>(“Жұмыртқаларды ұяға салу” ойыны</b> ойналады. Балаларды ұяға қанша жұмыртқа салуға шақырады, ұяда қандай сан жазылған. Бұл жағдайда біз барлық жұмыртқаларды дұрыс орналастырылғанын есептейміз).</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Артикуляциялық жаттығулар</b>  <b>«Күрекше»</b> – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек.  <b>«Ине»</b> – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. <b>«Төбешію»</b> – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. <b>«Түтікше»</b> – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.</p> <p><b>Қазақ тілі</b>          Байланыстырып сөйлеуді жетілдіру</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>          Сөздегі буындардың санын анықтау  <b>Бір буынды</b> сөздер: ақ, ат, бақ, бас, доп, тас, топ т.б. <b>Екі буынды</b> сөздер: ал-ғыс, а-дал, а-дым, а-зат, ай-бын, ай-на, жа-зық, жаң-быр т.б.  <b>Үш буынды</b> сөздер: а-за-мат, бал-мұз-дақ.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Кім көп сөз біледі?»</b>          Шарты: әр балаға түрлі түсті қаламдары немесе санамақтар, бос стакан беріледі. Сөз айтқан бала, сөзді буынға бөліп, айтқан әр сөзіне бір қаламнан стаканға салып отыруы керек. Бір сөз екі рет қайталауға болмайды. Ойлаған сөздерін буынға белгізу.  <b>Көркем әдебиет</b>          Кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу  <b>Дидактикалық ойын</b>  <b>«Шынжырға ертегілерді жинайыю»</b>          Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.          Шарты: Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенін айтады.          Мысалы: "Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды". ("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан").  <b>Ертегіні үш сөзден тауып ал:</b>          1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық")          2) Ешкі, лактарым, шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ")</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Өсімдіктер әлемі .          Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау  <b>«Гүлдерді күтеміз»</b>          Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни</p>	<p><b>Математика</b>          Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтау  <b>1-ші тапсырма:</b>          «мен суретшімін» 2 топқа сурет салғызу          1-ші топқа жалпақ қауын,          2-ші топқа жіңішке кияр суретін салғызу.  <b>II тапсырма: «Қолымда не бар?»</b> ойыны          Мақсаты. Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын – қысқа, жуан – жіңішке, үлкен – кіші, оң – сол, кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түйсіну сезімдерін дамыту.          Ойынның мазмұны. Бала қолын артына ұстайды. Тәрбиеші оның қолына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кіші тасты ұстатады. Бала қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында – кіші тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы әр түрлі, ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Топ алдына шақырылған әрбір бала бір-біріне ұқсас 2-3 жаттығу орындайды.</p> <p><b>Қазақ тілі</b>          Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге баулу  <b>«Ғажап қоржын»</b>-д-ойыны.          Қоржыны бар қуыршақ Айжан келеді - Айжан, қолыңдағы не? -Қоржын. Онда не бар? - Ойыншықтар Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтармен таныстырады: - Мынау-көлік кө -лік Мынау – көліктер.Мынау қандай көлік? Мынау менің сүйікті көлігім Мынау қандай көлік ? Бұл ұшақ.</p>
--	---	--	--	--	--

<p>жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Үшқыштар ұшуға дайындалындар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айлаңдырады /қолдарымен кеуденің тұсында айлаңдырады/, канаттарын жан-жаққа созады, ұшады /әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қонындар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады.</p> <p><b>Сауат ашу</b> Жазу дағдылары <b>Нүктелерді бастыр.</b> Тәрбиеші графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды.</p> <p><b>Саусақ жаттығуы</b> Айдын шалқар көлдерде Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Шығарма мазмұнын қайталау <b>«Қарлығаш пен дәуіт»</b> ертегісінің мазмұнын сұрақ арқылы қайталау. <b>Дидактикалық ойын</b> <b>«Не, қайтті?»</b> <b>Мақсаты:</b> Кейіпкер мен оның іс әрекетін үйлестіру.</p>	<p>ағаштан жасалғандары ұшақтың қасына, резеңкеден жасалғандарын қуыршақтың қасына орналастыруларын керек.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Сазбалшық</b>, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін білу <b>Тақырыбы: Қуыршақ</b> <b>Мақсаты:</b> сәндік мүсіндеу өнеріне үйрету, сазбалшықпен жұмыс істей білуге үйрету, 1. Сазбалшықты сопақша пішінге келтіріп, дене бөлігінің үстіңгі жағынан бас бөлігіне арнап ойық жасаймыз, көйлегінің етегін үңгу арқылы кеңейтеміз. Саусақты сулап сылаймыз. 2. Сазбалшықтан басын, мойнын, денесін мүсіндейміз. Қалақша көмегімен мойнын денесімен жалғап, тегістеп жымдастырамыз. Саусақты сулап сылаймыз. 3. Сазбалшықтың екі бөлігінен сопақшалап қолдарын жасап, денесіне бекітеміз, сылаймыз. 4. Сазбалшықты жалғақтап, кескішпен өрнектің жиегін иректеп кесеміз (басына, көйлектің етегіне, қолы, жеңіне жапсыру үшін), сылаймыз.</p> <p><b>Музыка</b> жеңіл дауыспен ән айту; әннің сөзін анық айту. Интонация тазалығы. Әрбір адамның есту сезімінен басқа, музыкалық қабілеттің болуы міндетті. Музыкалық есту қабілеті,</p>	<p><b>Жұмбақ:</b> Жауып жанбыр, жерде сабыр, Шоп, жапырақ солады. Айтыңдаршы, бөбектерім, Бұл қай кезде болады? -Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз неше айдан тұрады? - Күзді неге «жомарт күз» деп атайды? <b>Ойын:</b> «Табиғат мейірімді». <b>Шарты:</b> Сөйлемді бастап беру. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады. -Жер-Ана мейірімді, өйткені ол .....( көкөністер мен жемістерді өсіреді). -Күн мейірімді, өйткені ол .....( жарығын, жылуын береді).</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Қимылды ойындарды</b> ұйымдастыруда бастамашылдық таныту. Жарыс элементтері бар ойындар <b>«Кім жылдам»</b> <b>Ойын шарты:</b> Бірінші ойыншы қолына допты алып, жүгіру арқылы белгіленген орындағы себетке допты алып, қайта орнына жүгіріп келіп, екінші ойыншыға кезегін беріп ойынды жалғастырады. Қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді. <b>«Жүйрік паравоз»</b> жарысы <b>Ойын шарты:</b> Бірінші бала паравоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паравоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ертіп айналып келіп, үшінші баланы ертеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паравозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді. <b>«Келергіден өту»</b> Ойын шарты: Ойыншылар алдарына қатарластырып</p>	<p>суару, қонысу дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша өңгімелету. <b>Дид. ойын: «Ағаштарды ата»</b> <b>Мақсаты:</b> Ағаштар атау, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету. Туған жерінің табиғатын кәсірлеп, қорғауға тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: орман ағаштарының суреттері.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. <b>Аяққа арналған жаттығулар.</b> <b>Велосипед, самокат тебу "Кім жылдам".</b> 1. тапсырма - Балалар арасында жылдамдықпен жүру бойынша жарыстар өткізіледі велосипедпен жүру. Кім конуска тезірек жетсе, оны айналып өтіп, мәреге бірінші болып тоқтаса, сол жеңеді! <b>Біз жарысымызды бастаймыз,</b> Жарыс әдеттен тыс, Басқалардан тамаша! Біздің сайысымызда мына болат аттар бізге көмектеседі (велосипедтерді, самокаттарды көрсетеді). Біздің жарыстарымыздың ұраны: "Біз дене шынықтырумен доспыз, аурудан қорықпаймыз!". Ал қазылар алқасы сіздің шеберлігіңіз бен шеберлігіңізді бағалайды. Назар аударыңыз! Біз спорттық</p>	<p>Ол аспанда ұшады. Тағы аспанда ұшатын көліктерді білесіңдер? Тікұшақ, Зымыран т.б. Мынау қандай көлік? Бұл Кеме. Суда жүзеді. Тағы да қайық, яхта да суда жүреді. Мынау қандай көлік? Бұл автобус, жеңіл машина, Газель т.б. Тас жолмен жүреді Мынау қандай көлік? Бұл поезд, поезд темір жолмен жүреді Айжан жарайсындар балалар, деп қоштасып кетеді.</p> <p><b>Музыка</b> шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соны) ажырату <b>«Музыкалық моншақтар»</b> ойыны. Ойын барысы: Ойын балалары қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту.</b> Интонациялық мәнерлік, өлеңді мәнерлеп, интонациямен жаттауға дайындау. <b>Күз бояуы Қ.Баянбаев</b> Самал қозғап қалғанда, Үзіледі сары алма, Шолып едім бақшаны, Қауын біткен сап-сары. Көрінді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақ төгілген Тоғайды да көрдім мен. Таза жездей жинаған,</p>
---	--	---	---	--

	<p>Сөздің гарматикалық құрылымын дұрыс сақтауға үйрету.</p> <p><b>Шарты:</b> Тәрбиеші оқиға желісіне сай кейіпкерлерді атап отырады, балалар оларға қатысты іс-әрекетті естеріне түсіріп байланыстырып айтады.</p> <p>Мысалы Тәрбиеші:</p> <p>-Жылан...</p> <p>-Көкек...</p> <p>-Қарға...</p> <p>-Дәуіт...</p> <p>Балалар:</p> <p>-Жылан Қарлығаштың балапаңдарын жейін деп жатты.</p> <p>-Көкек бүркітке қонаққа барады.</p> <p>-Қарға үйленгелі жатыр.</p> <p>- Дәуіт балапаңдарды құтқарды, жыланды өлтірді.</p>	<p>ол әр дыбысты дұрыс қабылдау, жоғары, төмен дыбыстарды ажыратуы, естуі, әуенді есте сақтауы</p> <p><b>Лағым</b></p> <p>Шөре-шөре, лағым, Тентек болма, шырағым, Сөкектем, деміңді ал, Селтеңдемей құлағың.</p> <p><b>Тырналар</b></p> <p>Аспан ашық, дала кең, Кел, қоныңдар тырналар. Мен сендерге жем берем, Дос болайық, тырналар Трау-трау-трау-трау!</p> <p><b>Аралар</b></p> <p>Арамыз, біз арамыз, Әнге салып барамыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Қызыл, жасыл гүлдерден, Балды сорып аламыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу</p>	<p>қойылған кедергілерден тепе-теңдік сақтап өтіп, белгіленген орынға қайта айналып келіп, екінші ойыншыға велосипедті береді. Ол ойыншы ойынды жалғастырады.</p>	<p>жарыстар ойындарын бастаймыз. Бүгін екі команда бақ сынайды:</p> <p>Әр тапсырманың соңында 1-ден 3 ұпайға дейінгі ұпайлар қойылады. Барлық қатысушылардың дені сау ма?</p> <p>Жүгіруге және ойнауға дайынсыз ба?</p> <p>Олай болса, өзіңізді көтеріңіз, Ескірмеңіз және жалқау болмаңыз,</p>	<p>Сары бояу айналам.</p> <p><b>Тіл ұстарту (вариатив)</b></p> <p><b>Әжейге көмек (ертегі-өлен)</b></p> <p>Баяғы өткен заманда Бір әжемсіз болыпты. Дымбілмес деген немересі, Өсіп-өніп толыпты. Ел аралап әжесі Сендердей әсем балаларға Бір күні келіп жолықты. Қасындағы мысығы Әжесінің жіптерін Иірімін таркатқан. Әжей содан торықты. Енді міне сендерден, Көмек сұрай келіпті. Көмектескен балаға Әжемсіздің қалтасында Түрлі кәмпіт болыпты. Әжесінің мысығынан, Дымбілмес неге қорықты? Ал, балалар әжемсізге көмектесің, Аяқтайық жорықты.</p>
Серуенге дайындық	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</b></p>	<p>Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.</p>	<p>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.</p>	<p>Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>Серуенге ойын құралдарын дайындау.</p>
Серуен	<p><b>Құстарға бақылау жасау</b></p> <p>Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру. Балалардың ауышылық, қамқорлық сезімін дамыту. Құстар біздің досымыз, құстар қалықтап төбемізде ұшып жүр айналаны бағдарлап бақылау.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құстарға жем шашу, нан қиқымын салу.</p> <p>Жемсауыттарын жем жеп болғаннан кейін тазалап қоюды көрсету, түсіндіру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> Торғай, торғай торғайсың</p> <p>Бізге жақын қонғайсың</p> <p><b>Көркем сөз:</b></p> <p>Сауысқан – сақ құс, Көкек – мақтаншақ құс. Бұлбұл – әнші құс, Көгершін – бейбітшілік құсы.</p>	<p><b>Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау</b></p> <p>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу.</p> <p>Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинау.</p> <p>Мақсаты: Өз алдына еңбектену білуге тәрбиеленіп, бағыт беру.</p> <p>Балалармен <b>жеке жұмыс:</b> «Жел» туралы тақпақ айтқызу</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Үшты-үшты» (қимыл көрсету); «Тауық пен балапаңдар» (жүгіру)</p> <p>Мақсаты: Ойын</p>	<p><b>Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау</b></p> <p>Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге дөңсер стетіндігін түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Біздің ойын алаңы</p> <p>Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекқорлыққа баулу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b></p> <p>Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шудайдай тал терек, Жапырағын жүлгізіп.</p> <p>Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырағының мәнерлігін сезінуге үйрету.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Фигура жасап шық»</p> <p>Балалардың өз бетімен ойын</p>	<p>«Қайтқан құстарды бақылау»</p> <p>Мақсаты: Балалармен қайтқан құстарды бақылау. Олардың атын ататқызып, дауыстарын тыңдату. Олардың топ болып ұшуына назар аударту.</p> <p><b>Еңбек:</b> Сынған ағаш қалдықтарын аула сыпырушының арбасына салып жинау</p> <p>Мақсаты: Құстарды қамқорлауға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалармен <b>жеке жұмыс:</b> Құстар туралы жұмбақтар «Құйықжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін.»(қарлығаш)</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Қайтқан құстар»</p> <p>Мақсаты: Ойын барысын бұзбай ойнауға дағдыландыру. Құс қимылдары арқылы дене бітімдерін дамыту. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.</p>	<p><b>Қоныр күзді бақылау, салыстыру</b></p> <p>Мақсаты: Қоныр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоныр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоныр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.</p> <p>Балалармен <b>жеке жұмыс:</b> Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b> «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» (жүгіру)</p> <p>Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға, шапшаң</p>

	(Экологиялық мәдениет) Қимылды ойындар: «Өз орынды тап» Мақсаты: Ептілікке баулу. Еркін ойындар	қимылдарын тыңдап орындай білуге, ептіліктерін арттыру. Көркем сөз: «Жел тынымсыз гүлдеп Болып кетті тым ұзақ Шуылдайды тал терек Жапырағын жұлғызып» (Экологиялық мәдениет)	ұйымдастыру: 1. Қуаласпақ. 2. Тығылспақ.	Көркем сөз: «Гу-гу, гу-гу шықты Желдетті де бұлт қуды Жел соққан соң Жел соққандай жұлқынды»	қимылға баулу. Көркем сөз: «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді, Бұталар боз қырау киеді (Экологиялық мәдениет) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	«Не көрдік, не білдік?» ойыны Мақсаты: серуендегі бақылау бойынша берілген сұрақтарға жауап береді. Ток сым арқылы өтеді» ойыны: Балалар оң және сол қолдарымен жіптегі түйіндерді ұстап, сөздерді айтады: Ток сымдар арқылы өтеді, Жарық біздің пәтерге түседі. Құрылғылар жұмыс істеуі үшін.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.  Үй жағдайында суды ағызып ойнама!	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.  Газ плитасына жолама, бұрандасын қозғама!	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге тарту.  Бөлмеден шыққанда жарықты сөндіріп жүр!	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.  Телефон қуаттағышың тоқтан сөндіріп қою керек!
Балалармен жеке жұмыс (жеке даму картасы бойынша)	Құстарды танып, атын атауға үйрету.	Түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»	Қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»	Ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу: «Асық»	Түстерді ажыратуға үйрету. Д/ойын: «Түстерді топтастыр»
Балалардың үйге қайтуы	Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілер және күн тәртібі".	Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде өзін қалай ұстайды?".	Әңгімелесу: "Сіздің балаңыздың тәртібі".	Кеңес: "Спорт және бала".	Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілердің сұрақтары".